

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы №1

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы
Балалардың жасы: 3, 4, 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 1 қыркүйек 2023 жыл

Тәрбиешілер: Мусина Б.Ж
Бейсенова Ж.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды профқарау: дене қызуын өлшеу, колдарын антисептиктен өңдеу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, күннің қалай өтуі жайында әңгімелесеміз, олардың тілектерін тыңдаймыз (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң!				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру.				
Ойындар: үстел үсті, саусак, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі.	Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, <i>Қазақстан Республикасының Ән Ұраны</i> Әңгімелесу: «Білім күні» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық әрекеті) Максаты: балалардың сөздік қорын молайту. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруде, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулиды. Жыл мезгілдердің ерекшелектерімен таныстыру. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек әрекеті) Максаты: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Сөздік қоры (қазақ тілі-коммуникативті әрекет): Балабақша, үй, Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!				
Таңғы гимнастика	Кешен №1 (физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) «Көңілді жаттығу»				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (қазақ тілі - коммуникативтік әрекеті, сөздік) Ас - адамның арқауы, Тамақты ішкін күнде сен.				

	Деген сөз бар ежелден, Белгілі бір мезгілде, Бойға сіңіп тарқауы Сөздік қоры: Рахмет!			
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық				<p>(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Кел оқиық!» Міндеттері: қазақ ертегілер кітаптармен таныстыру. Сөздік қорын молайту. Сөздік қоры: күз, жаңбыр.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				<p>2. (Музыка - шығармашылық әрекеті) Дид.ойын: «Әң айтаық» Міндеттері: ересектермен бірге таза ән айтуды үйрету; мәнерлі, сызбалы, сұйық, үйлесімді ән айтуға үйрету. Сөздік қоры: күз, жаңбыр.</p> <p>2. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид.ойын: «Ал, қане санайық!»</p>

					<p>Міндеттері: 1-10 дейін санауды үйрету. Сөздік қоры: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он</p> <p>3. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік, танымдық әрекет) Дид. ойын: «Білім күні!» Міндеттері: «Білім күні!» мерекесімен таныстыру. шығармаларды тыңдағаннан кейін алған әсерлерімен бөлісуді үйрену; әңгімеге қатысу; әңгімені тыңдауға қызығушылық таныту. Сөздік қоры: күз, жаңбыр, жел, суық.</p>
№ 1 серуенге дайындық	Серуен №1. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек әрекеті)				
№ 1 серуен					<p>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: құстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтырады.</p>

					<p>Еңбек әрекеті: Аланды жинайды.</p> <p>Мақсаты: Балалардың күзгі еңбек дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Қимылды ойын: «Қарлығаш»</p> <p>Мақсаты: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.</p> <p>Еркін ойын</p> <p>Сөздік қоры: күз, жаңбыр.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар</p> <p>Сырттан келіп үнесі,</p> <p>Сабынмен қол жуамыз,</p> <p>Таза болды мұнтаздай,</p> <p>Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті)</p> <p>Сұрасаң бата берейін</p> <p>Үстем болсын мерейің</p> <p>Ықыласпен қол жайсаң</p> <p>Ақ тілекті төгейін</p> <p>Дастарханым мол болсын.</p> <p>Уайым қайғы жоқ болсын</p> <p>Сөздік қоры: Рақмет!</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау.</p> <p>Ән «Әлди-әлди» Жазира Байырбекова (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p> <p>Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.</p>				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>Кешен №1 (Физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p> <p>Бетті және қолды салқын сумен жуу.</p> <p>Майтабанның алдын алу мақсатында массаждық жолақтармен жүру, табан массажы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				

<p>Бесін ас</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын Уайым қайғы жоқ болсын. Сөздік қоры: Рақмет!</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекеттер</p>					<p>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Сандарды боя!» Міндеттері: Сандарды бояуды, жапсыруды, мүсіндеуді үйрету. Сандарды қайталап үйрету. Сұрақтарға жауап беруді үйрету. Сөздік қоры: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.</p>
<p>Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс</p>					<p>(Көркем әлебиет, сөйлеуді дамыту - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Сандарды қайталайды» Міндеттері:</p>

					сандарды ретімен жаттау; сандарды тауып, санның атын айту. 5 жас 1.Кекенова Амина 2.Нұрғамиден Алинұр 3.Телеген Алпамыс 4.Мухамеджанова Асия
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қикымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып кастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сөздік қоры: Ракмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен№1. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен					(Қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) Құстарды бақылау Мақсаты: Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу әлеуметтік қызмет) Көркем сөз: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай

					<p>ғана, Тұра алмайсын орныңда? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын (көркем әдебиет коммуникативті қызмет) Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Жеке жұмыс: балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу. Қимылды ойын. «Ақ қоян» (дене қозғалысы) Еркін ойын Сөздік қоры: күз, жаңбыр, жел, суық!</p>
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру. Сөздік қоры: Сау болыңыз!				

31.08.2023тс

Жауап тексерілді,

кеңсе берілді.

Артман Абрташова С.С

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы №2

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы
Балалардың жасы: 3, 4, 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 4 қыркүйек - 8 қыркүйек 2023 жыл

Тәрбиешілер: Мусина Б.Ж
Бейсенова Ж.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.09.2023	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды профхарау: дене қызуын өлшеу, қолдарын антисептикпен өңдеу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, күннің қалай өтуі жайында әңгімелесеміз, олардың тілектерін тыңдаймыз (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң!				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру.				
Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі.	Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Турғанымды қалайды Қазақстан Республикасының Ән Ұраны Әңгімелесу: «Ғажап табиғат» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық әрекеті) Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруді, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулиды. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек әрекеті) Мақсаты: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Сөздік қоры: Қыркүйек, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!				
Таңғы гимнастика	Кешен №2 «Көңілді жаттығу» Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. (физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін				

	<p>бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (қазақ тілі - коммуникативтік әрекеті, сөздік жұмыс: билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы) Ас - адамның арқауы, Тамақты ішкі күнде сен. Деген сөз бар ежелден, Белгілі бір мезгілде, Бойға сіңіп тарқауы (көркем сөзін қолдану) Сөздік қоры: рақмет!</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>1. (Сөйлеуді дамыту- коммуникативті, танымдық әрекеті) Дид. ойын: «Хан талапай» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерін біледі. «Хан талапай» ойынды ойнауды біледі.</p>	<p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Дид. ойын: «Бізді қоршаған дыбыстар» Міндеттері: «дыбыс» туралы түсінік беру; дыбыстардың түрлерін үйрету; дыбысты шығару.</p>	<p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Дид. ойын: «Дыбыс. Оның сөздегі мағынасы» Міндеттері: дыбыстармен танысуды жалғастыру; дыбысты дауыстап шығару.</p>	<p>1. (Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) – 5 жас Дид. ойын: Сауат ашу негіздері «Сөз. Сөз қалай естіледі» Міндеттері: «Сөз», «дыбыс» ұғымдарымен танысу.</p>	<p>1. (Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Балабақша бөлмері» Міндеттері: балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>2. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Қай жерде тұрады?» Міндеттері: кеністікті шарлау қабілетін дамыту: сол, оң, жоғарғы, төменгі. Сөздік қоры: Апта күндері: дүйсенбі,</p>	<p>2. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Ойын: «1 саны және цифры. 2 саны және цифры» Міндеттері: 1 және 2 сандарының қалыптасуымен танысу. Сөздік қоры: Апта күндері: дүйсенбі,</p>	<p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Өтебай Тұрманжанов «Жаралы торғай» Міндеттері: шағын мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Сөздік қоры: Балабақша, үй, есік, терезе</p>	<p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Ойын: «Тында да, айт» Міндеттері: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйренеді. Сөздік қоры: Балабақша, үй, есік, терезе.</p>	<p>2. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Ойын: «Жидектер» әңгіме Міндеттері: әңгімеге қызығушылығын қалыптастыру Сөздік қоры: Балабақша, үй, есік, терезе.</p>

	<p>сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.</p> <p>3.(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын: «Менің балабақшам» Міндеттері: балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Сөздік қоры: Балабақша, үй, есік, терезе</p> <p>4.(Музыка – шығармашылық әрекеті) Ойын: «Қос дабыл» (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) Міндеттері: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу. 1).Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы</p>	<p>сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.</p> <p>3.(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті, танымдық әрекеті) Ойын: «Мен және менің есімім» Міндеттері: берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу қабілетін дамыту. Сөздік қоры: Апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.</p> <p>4.(Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) Міндеттері: Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру. Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады. Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты</p>	<p>3. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Пішініне қарай топтастыр» Міндеттері: заттарды пішініне қарай топтастыруға үйрету. Сөздік қор: Бір, екі, үш, төрт, бес</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) Міндеттері: Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру. Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады. Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру. Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың</p>	<p>3. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері.) Ойын: «Ребустар» Міндеттері: Ойлау қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қоры: Доп, текше.</p> <p>4. (Дене шынықтыру- физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) Міндеттері: 1) жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; №2 жалпы дамытушы жаттығулар кешені. 1. «Қозғалыстағы қайшы» Б. қ.: тұру, аяқтар иық енінен бөлек, алдыңызда қолдар тік.</p>	<p>3. (Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Ойын: «1 саны және цифры. 2 саны және цифры» Міндеттері: 1 және 2 сандарының қалыптасуымен танысу. Сөздік қоры: Доп, текше.</p> <p>4. (Музыка – шығармашылық әрекеті) Ойын: «Ән салған кім?» Міндеттері: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. 1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар шеңбер жасап жүріп өндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>алу. 2). Ән айту. Гүріздей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады. Сөздік қоры: Жүр, отыр</p>	<p>сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру. Тепетендік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру. Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын еске салады, сақтандыру жүргізіледі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастырындар». Ойын шарты: Залды ортасынан қысқартып бөлетіндей етіп арқан тасталады. Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске</p>	<p>ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру. Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын еске салады, сақтандыру жүргізіледі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастырындар». Ойын шарты: Залды ортасынан қысқартып бөлетіндей етіп арқан тасталады. Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді. Сөздік қоры: Доп, текше.</p>	<p>Қолды алдыға созып, қайшыларша жасау. 2. Жан-жаққа еңкею Б. к.: сондай - ақ, қолдың басы. 1-оңға (солға), 2-б.қ. 6-8 рет қайталау. 3. Тізерлеп отыру Б. к.: қолдар белде. Тікелей аяқты мүмкіндігінше аяқтың ұшына дейін артқа қою, екінші аяқты бүгу. Бірнеше серіппелі жаттығулар жасау. Аяқтарды өзгерту. 4. «Аяқтар секіреді» Б. к.: еденде отыру, қолды артқы жаққа жіберу. Бір аяқты бүгу, екінші аяқтың бір жағына, екінші жағына еденге саусақтың ұшын тигізу. Екінші аяғымен бірдей. 6. «Отыру» Б. к.: шалқадан жатып, ұлдар қолдарын бастың артына, қыздар түзу ұстау. 6-7 рет қайталау. 7. «Сақина» Б. к.: ішпен жатып, кеуде алдында</p>	<p>тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады. (тембрді айыру үшін арналған ойын) 2. Ән айту. Көп бала бар бөлмеде, Бірі ғана ән салады. Ал сырттағы Кім екен деп тамсанады Бір бала былай деп әндетеді. Мен бақытты бөбекпін, Таулай биік талабым, Ән мен күйге зерекпін, Бірден қағып аламын. Сөздік қоры: Жүр, отыр</p>
--	---	---	--	---	--

		жетеді. Сөздік қоры: Доп, текше.		қолдарды созу. Қолды түзету, басты артқа түсіру, аяқтардың басына дейін созуға тырысу. 8. Секіру Б. қ.: аяқтар бірге. Секіруде аяғыңды бір және басқа жаққа жылжыту. Тыныс алу жаттығуларымен немесе жаю жүрумен ауыстыру. Сөздік қоры: Доп, текше.	
№ 1 серуенге дайындық	Серуен №2. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шақфтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дурыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек әрекеті)				
№ 1 серуен	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. Еңбек: Шашылған жапырақтар қалдықтарын	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Құмдағы іздерді бақылау. Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. <i>(еңбек қызметі)</i> Сауат ашу негіздері бойынша жеке жұмыс Жұмбақ: Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Жеке жұмыс: «Күз»	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күз мезгілін бақылау Мақсаты: балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. (еңбекке баулу) Көркем сөз: «Күз» Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын.	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күннің сәулесің бақылау Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсінді, өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын айтады. Еңбек: Жапырақтарды жинау. Мақсаты: Көктемгі еңбек дағдыларын қалыптастырады. Қимылды ойын: «Не жүреді және	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күстарды бақылау Мақсаты: күстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтырады. Еңбек: Аланды жинайды. Мақсаты: Балалардың көктемгі еңбек дағдыларын қалыптастырады. Қимылды ойын: «Қарлығаш» Мақсаты: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.

	<p>жинау. (<i>еңбекке баулу</i>) Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» Қимылды ойын. «Қасқырлар мен лақтар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p>	<p>тақпағын қайталап айту Қимылды ойын. «Жапалақтар» Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері</p>	<p>«Кептерді қуып жет» Еркін ойындар</p>	<p>ұшады?» Мақсаты: әртүрлі қимылдар жасауға машықтанады, қимылдардың үйлесімділігін дамытады, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамытады Еркін ойындар</p>	
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын. Уайым қайғы жоқ болсын</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p>				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>Кешен №2 (физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Бетті және қолды салқын сумен жуу. Майтабанның алдын алу мақсатында массаждық жолақтармен жүру, табан массажы.</p>				

<p>Бесін ас</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық әрекеті) Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын Уайым қайғы жоқ болсын.</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекеттер</p>	<p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жансыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Ойын: «Суретті құрастыр» Міндеттері: сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеді үйрету. Сөздік қоры: жаңбыр, жылы, суық</p>	<p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жансыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) «Жемістер» Міндеттері: есте сақтау қабілетін, шығармашылық қиялын дамыту. Сөздік қоры: жаңбыр, жылы, суық</p>	<p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жансыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) «Тоңазытқыш» Міндеттері: Тоңазытқыш не екенін таныстыру, қандай нәрсеге арналғанын үйрету. Сөздік қоры: жаңбыр, жылы, суық</p>	<p>5. Сурет салу, мүсіндеу, жансыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Дид.ойын: «Бас киім» Міндеттері: Бас киіммен таныстыру. Қай кезде киетіні үйрету. Сөздік қоры: жаңбыр, жылы, суық</p>	<p>5. (Сурет салу, мүсіндеу, жансыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Шардың жібін тап» Смарт мақсаты: Түсіне қарай шарды іліп түсіне қарай жіпті байлай алады. Сөздік қоры: жаңбыр, жылы, суық</p>
<p>Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс</p>	<p>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) «Пішініне қарай жина» Міндеттері: пішіндерді салыстырып ажырата таба білуге жағтықтыру</p>	<p>(Математика негіздері, сенсорика, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) «Қиылған суреттерді құрастыр» Міндеттері: қиылған суреттерді сәйкестендіру, қоса алу. 4 жас</p>	<p>(Математика негіздері, сенсорика, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) «Кілтін тап» Міндеттері: Пішіндерді атауға, тануға үйрету. Үйдің терезесі қандай пішін, сондай пішінді тауып орналастыруға үйрету.</p>	<p>(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) «Топтағы заттарды атап бер» Міндеттері: заттарды қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>(Сауат ашу негіздері - коммуникативті, танымдық әрекеті) «Дыбыс. Оның сөздегі мағынасы» Міндеттері: дыбыстармен танысуды жалғастыру 5 жас І.Мухамеджанова</p>

	4 жас 1. Амангелді Нұрасыл 2. Өліхан Аяна 3. Байгарина Медина 4. Галиаскаров Асылжан 5. Дмитриев Елизар	1. Ермекұлы Ахмал 2. Есет Дінмухаммед 3. Жақсыбаев Алан 4. Жанайдар Аружан 5. Жамкен Айзере 6. Курманбаев Аяр	3 жас 1. Беркен Елхан 2. Базарбек Ерасыл 3. Нұғыман Карим	4 жас 1. Мұхиден Даулет 2. Нұрсейт Амина 3. Нұрмағамбет Нариман 4. Султан Баян 5. Төлеген Айбике 6. Есмағанбетов Ансар	Асия 2. Кекенова Амина 3. Нұрғамиден Алинұр 4. Төлеген Алпамыс
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан кикымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып кастерлеп, Торғайларға тастандар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №2. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дурыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау «Жапалақтар» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күстарды бақылау. Мақсаты: күстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтырады. Еңбек әрекеті: Гүлдерді суару. Мақсаты: Балалардың көктемгі еңбек дағдыларын қалыптастырады. Қимылды ойын:	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды жылдамдық-қа, мықты болуға тәрбиелеу. <i>(дене белсенділігі</i> Еркін ойындар	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау «Кептерді қуып жет» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Күстарды бақылау. Мақсаты: күстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтырады. Еңбек әрекеті: Гүлдерді суарады. Мақсаты: Балалардың көктемгі еңбек дағдыларын қалыптастырады. Қимылды ойын:

	дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. (дене белсенділігі) Еркін ойындар	«Қарлығаш» Мақсаты: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту. Еркін ойындар	жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. (дене белсенділігі) Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар Еркін ойындар	«Қарлығаш» Мақсаты: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту. Еркін ойындар
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру. Сөздік қоры: Сау болыңыз!			

01.03.2023 ж.

Мәскеу маңындағы,
кеңес берісі

Ақпанш Ақпаншбаева Д.С.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы № 3

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы
 Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы
 Балалар жасы: (3,4,5жас)
 Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 -15.09. 2023 жыл
 Тәрбиешілер: Бейсенова Ж.Ж. Мусина Б.Ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру. Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң!				
Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі.	<p>Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ән Ұраны Әңгімелесу: «Ертегі әлемі» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық әрекеті) Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек әрекеті) Мақсаты: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Сөздік қоры: алуға бола ма? Ренжіменіз! Рұқсат па?</p>				
Ертеңгілік жаттығу	Кешен №3 (физикалық белсенділігін дамыту - ойын әрекеті) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Жұмбақ:</p>				

	<p>Танысуға дайынсың ба? Мен түрлі түсті боламын. Қолыңды жуасың ба? Өте жұмсақ, демек қажетіңе жарайды... (сабын) <i>(көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i> Кезекшілер жұмысы: ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтану болғаннан кейін алғыс айту) Сөздік қор (қазақ тілі –коммуникативті әрекеті) Рәкмет!</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке бірлескен дайындық. 1.Сөйлеуді дамыту «Менің досым» Міндеттері: жеке тәжірибеден әңгіме құрастыру дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке бірлескен дайындық. 1. Сауат ашу негіздері 5 жас (Коммуникативтік ойын әрекеті) Дид.ойын «Дауысты дыбыстар» Міндеттері: «дауысты дыбыс» ұғымымен танысу.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке бірлескен дайындық. 1. Сауат ашу негіздері 5 жас (Коммуникативтік ойын әрекеті) Дид.ойын «Біз не естиміз және мойындаймыз?» Міндеттері: тыңдалған материал негізінде сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке бірлескен дайындық. 1. Сауат ашу негіздері 5 жас (Коммуникативтік ойын әрекеті) Дид.ойын «Дауысты дыбыстар» Міндеттері: «дауысты дыбыс» ұғымымен танысу.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке бірлескен дайындық. 1.(Қазақ тілі - шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) 3-4 жас Дид.ойын: «Біз балабақшадан не істейміз?» Міндеттері: балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдегі сөздерін байланыстыр, сөйлеуге дағдыландыр.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>2.(Математика негіздері, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид.ойын «3 саны мен 4 саны» Міндеттері: 3 және 4</p>	<p>2.Математика негіздері Дид.ойын «Менің бөлmem» Міндеттері: қағаз парағын бағдарлау қабілетін дамыту. Сөздік қоры: көп, аз</p>	<p>2. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті Дид:ойын «Менің қолымнан келеді, мен істей аламын» Міндеттері: берілген тақырып бойынша</p>	<p>2. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті Сөздік қоры: балабақша, көп, аз</p> <p>3.(Математика негіздері, сенсорика,</p>	<p>2. Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту - коммуникативтік, танымдық әрекет) Дид.ойын «Кішкентай бағбан» әңгімесі Міндеттері: шағын мәтіндердің мазмұнын</p>

	<p>Міндеттері: 3 және 4 сандарының қалыптасуымен танысу.</p> <p>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Ойын: «Біздің топ»</p> <p>Міндеттері: топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету</p> <p>Сөздік қорі: балабақша, көп, аз</p> <p>4. Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»</p> <p>Міндеттері: Белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету, тез, ойнақы музыкалар мен жайорындалатын музыкаларды ажыратуға қалыптастыру</p> <p>Сөздік қоры: Күз ауа райы</p>	<p>3. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Күз бізге не әкелді?»</p> <p>Міндеттері: күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқау, ажырату және атау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қорі: күз, жаңбыр</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>«Мен ойнағанды жақсы көремін»</p> <p>Міндеттері: ойын арқ.</p> <p>Міндеттері: ылы допты лақтыруға және ұстауға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: доп, жүгір</p>	<p>тақырып бойынша диалогқа қатысу қабілетін дамыту бал</p> <p>Сөздік қоры: абақша, көп, аз</p> <p>3. (Математика негіздері, сенсорика, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері</p> <p>Дид. ойын: «Менің ойыншықтарым. Қай жерде орналасқан?»</p> <p>қағаз парағын</p> <p>Міндеттері: бағдарлау қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: қуыршақ, Бір, екі, үш, төрт, бес, алты</p> <p>4. Дене шынықтыру (Дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>«Мен ойнағанды жақсы көремін»</p> <p>Міндеттері: ойын арқылы допты</p>	<p>негіздері, сенсорика, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері</p> <p>Тақырыбы: «5, 6 сандары және цифрлары»</p> <p>Міндеттері: Балаларды 5, 6 сандарының цифрлары және құрамдарымен таныстыру. Көрнекі түрде 5, 6 сандарын шығарып алу жолдары туралы түсіндіріп, заттың саны оның түріне және көлеміне тәуелді еместігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Зейіндерін, байқағыштық дағдыларын дамыту</p> <p>Сөздік қоры: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты</p> <p>4. Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының</p>	<p>мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: балабақша, көп, аз</p> <p>3. (Математика негіздері, сенсорика, құрастыру – коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері)</p> <p>Ойы: «Менің бөлmem»</p> <p>Міндеттері: қағаз парағын бағдарлау қабілетін дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты</p> <p>4. Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Балақан да алақан»</p> <p>Міндеттері: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: аже, ата</p>
--	---	---	---	--	--

			лақтыруға және ұстауға үйрету. Сөздік қоры: доп, асық	жоспары бойын Міндеттері: Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.ша) Сөздік қоры: доп	
№ 1 серуенге дайындық	Серуен №3. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (еңбек әрекеті)				
№ 1 серуен	<p>Серуен №3 Өрмекшіні бақылау. Мақсаты: Балалардың өрмекші туралы білімдерін бекіту. Сұрақ – жауап. Жұмбақ Тоқығанауы, Шыбынның жауы (өрмекші) Еңбек қызметі</p>	<p>Серуен №3 Күн-жылу мен жарық көзі Мақсаты: күн жарық пен жылу көзі деген ұғымды қалыптастыру. Бақылау барысы Сұрақтар жауап. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет) Зерттеу қызметі</p>	<p>Серуен №3 Көкөніс бақшасында сәбіз мен қызылшаны бақылау Мақсаты: көкөністерге салыстырмалы талдау жүргізу қабілетін қалыптастыру. Сұрақтар жауап. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық</p>	<p>Бақылау №3 Экологиялық жолда саңырауқұлақтарды бақылау Мақсаты: саңырауқұлақтар, табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы идеяларды қалыптастыру процесінде танымдық белсенділікті дамыту. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.</p>	<p>Серуен №3 «Көліктерді бақылау» Мақсаты: балаларды көлік түрлерімен таныстыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру, жолда жүру ережелерін үйрету, көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мүжіт болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз</p>

<p>Гүлді өсімдіктерді бақтан топқа ауыстыру (бархаттар).</p> <p>Мақсаты: гүлдің айналасына мұқият қазуды үйретуді жалғастыру; жермен бірге гүлдерді гаршокке мұқият отырғызу; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойындар: «Бір-екі», «Үнсіз жүр».</p> <p>Мақсаты: жақсы позамен және қимылдарды үйлестіре отырып, нақты жүруді үйрету; жаяу жүруді төзімділікке тәрбиелеу құралы ретінде қолдану.</p>	<p>Күнге карап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. Бетіңізді күнге қаратқанда не сезінесіз?</p> <p>Сіз оған тікелей қарай аласыз ба, ол көзге зиян тигізбейді ме?</p> <p>Екі қиыршық тасты салыңыз. Біреуі күн сәулесінде, екіншісі көлеңкеде, қараңғы болу үшін ағаш қорашпен жабылған. Біраз уақыттан кейін қай қиыршық тастың жылы екенін тексеріңіз. Күн сәулесінде заттар көлеңкеге карағанда тезірек қызады деген қорытынды жасау.</p> <p>Еңбек қызметі</p> <p>Кіші топ балаларына аумақты тазалауға көмектесу.</p> <p>Мақсаты: еңбекқорлықты, балаларға көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.</p> <p>Қимылды ойын «Өрт сөндірушілер»</p> <p>Мақсаты: қабырғаға көтерілу қабілетін бекіту, зейінді дамыту. (дене шынықтыру-денсаулық қызметі)</p>	<p><i>(іс-әрекет)</i></p> <p>Зерттеу қызметі</p> <p>Сәбіз мен қызылша тұқымын анықта (түсі, мөлшері). Топта тұқымға отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып ал.</p> <p>Еңбек қызметі</p> <p>Көкөніс бақшасында егін жинау.</p> <p>Мақсаты: көкөністерді қазуды үйрену; ұжымда жұмыс істеуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Көкөністерді ата»</p> <p>Мақсаты: көкөністердің аттарын бекіту және допты ұстау.</p>	<p>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ. Басында қалпағың бар. Ормандарғы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар.</p> <p>Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және жеуге жарамсыз-улы болып бөлінеді. Саңырауқұлақтарды тергенде жеуге жарамдысын улы түрінен ажырата білу керек. Біз бүгін саңырауқұлақтың екі түрімен танысамыз. Бұлар-ақ саңырауқұлақ және Боз арамқұлақ. Ақ саңырауқұлақ қылқан жапырақты және аралас орманда өседі. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары тошырақта жата берсе, әртүрлі жұқпалы аурулар тудырады. Боз арамқұлақтың қалпақшасының астыңғы жағы ақшыл жасыл түсті. Бұл улы саңырауқұлақ, сол себепті мұндай арамқұлақты жеуге</p>	<p>мезгілінде ауа – райы қандай болады? Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер мені мұқият тыңдап, жұмбақтың жауабын айтып беріңдер.</p> <p>Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ, Май жейді, су ішеді. Ол не?</p> <p>Балалар: - Машина.</p> <p>- Дұрыс, машина туралы екен. Олай болса балалар, бүгінгі серуенімізде біз көліктерді бақылаймыз. Міне, балалар, жолда әр түрлі көліктер өтіп жатыр. Көліктердің адамға пайдасы өте көп. Қазіргі кезде көліктерсіз адамдарды елестетуге болмайды, барлық адамда көлік бар. Біздің ата – аналарымыз бізді көлікпен бақшаға әкеледі, өздері көлікпен жұмысқа барады. Тіпті көлігі жоқ адамдар да қоғамдық көліктермен жүреді. Көліктер бізді алыс жерлерге тез жеткізеді. Көліктер арнайы көліктер, жүк көліктері және жолаушылар көлігі болып бөлінеді. Арнайы көліктерге жедел жәрдем көлігі, өрт сөндірушілер</p>
--	---	--	---	---

			<p>болмайды. Боз саңырауқұлақ кейбіреуі жеуге жарамды саңырауқұлақтарға ұқсайды. Оларды айыру қиын. Сондықтан саңырауқұлақтарды жинаған кезде абай болу керек.</p> <p><i>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет)</i></p> <p>Қимылды ойын: «Саңырауқұлақ тереміз»</p> <p>Мақсаты: Адымдарды санауды бекіту; (адымдардың санын аз жасай отырып) тапсырма бойынша алаңда қозғалу.</p>	<p>көлігі және құтқарушылар көліктері жатады. Арнайы көліктер адамдарға көмек көрсету үшін қолданылады. Мысалы, жедел жәрдем көлігін біз не үшін шақырамыз?</p> <p>-Дұрыс, біз қатты ауырған кезде жедел жәрдем көлігін шақырамыз. Ал өрт сөндірушілер көлігін біз өрт шыққан кезде шақырамыз. Сондықтан бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Жүк көліктеріне кран, Камаз, жүк көліктері жатады. Олармен біз көшкен кезде заттарымызды тасимыз. Қазіргі кезде жүк көліктерін құрылыстарда пайдаланады. Міне қараңыздаршы, көліктер тас, топырақ, ағаш тасып жатыр. Олардың барлығы да үйлер салуға құрылыс материалдарын тасуда.</p> <p>- Көліктердің тағы бір түрі жолаушылар көлігі. Жолаушылар көлігіне автобустар, газельдер, жеңіл машиналар жатады. Жолаушылар көлігімен біз бір жерден екінші жерге жету үшін мінеміз. Қазіргі кезде біз қалаға газельдермен</p>
--	--	--	---	--

				<p>барамыз. Осы көліктерді жүргізетін адамдарды жүргізуші деп атайды. Қане балалар, «жүргізуші» деп айтайықшы. Қазіргі кезде көліктер өте көп. Сондықтан да біз жол тәртібін сақтауымыз керек. Жолдан өткен кезде біз арнайы ақ – қара жолақпен, жолаушылар өткелінен өтуіміз керек. Бағдаршам жоқ жерлерден өткен кезде алдымен сол жағамызға қарап, жолдың ортасына келген кезде оң жағамызға қарап жолдан өтуіміз керек. Жолдың бойында допшен ойнауға болмайды. Көлік жүретін жолдан жалғыз өтуге болмайды. Балалар біз жол ережесін сақтаймыз ба? (Балаларға сұрақтар қойып, жол бойындағы көліктерге бақылау жасау)</p> <p><i>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет)</i></p> <p>Еңбек: Балалармен алаңдағы қоқыстарды жинау.</p> <p>Мақсаты: еңбекке баулу.</p> <p>Қимылды ойын: «Бағдаршам»</p>
--	--	--	--	---

					<p>Максаты: балалардың ой-өрісін, зейінін дамыту, жол ережесін сақтауға үйрету.</p> <p>Ойынның шарты: 2 – 3 баланы жүргізуші етіп белгілейміз, олардың қолдарына руль береміз. Қалған балалар жаяу жүргіншілер, тәрбиеші бағдаршамның үш түсін кезектестіріп көрсетеді. Балалар бағдаршам түстеріне қарай әрекет етеді. Қызыл түсті көрсеткенде машиналар жүреді, жаяу жүргіншілер тұрады, сары түсті көрсеткенде жаяу жүргіншілер жүруге дайындалады. Жасыл түсті көрсеткенде жаяу жүргіншілер жүреді, машиналар тоқтайды.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар</p> <p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (еңбек әрекеті)</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Тақпақ: (Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті)</p> <p>Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру.</p> <p>Асқа байлық,</p>				

	Денге саулық болсын, Әумин!Рақмет апайлар! (мәдени дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)				
Біртіндеп ояну, сауықтырушаралары	Кешен №3(физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық әрекеті) Бетті және қолды салқын сумен жуу. Майтабанның алдын алу мақсатында массажлық жолақтармен жүру, табан массажы.				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар).Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімдіжақсы сезінемін(сөйлеуді дамыту).				
Ойындар, дербесәрекеттер	5.(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: Жеміс жидектер Міндеттері: Бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытуға үйрету,көркем қабылдауды дамыту Сөздік қоры: сәбіз,қарбыз	5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: «Пайдалы сәбіз» Міндеттері: Бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытуға үйрету, көркем қабылдауды дамыту. Сөздік қоры: қияр,сәбіз	5. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: «Дәмді жүзім» Міндеттері: Бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытуға үйрету,көркем қабылдауды дамыту. Сөздік қоры: Күз,ауа райы	5.(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: «Мысыққа арналған үй» Міндеттері: оқыту бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытуға үйрету,көркем қабылдауды дамыту. Сөздік қоры: үй	5.(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) 4 К моделі (Балалардың қызығушылығы бойынша) Ойын: «Жау-жау жаңбыр» Міндеттері: сызықты рады қығыз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, саусак арқылы түсіруге жаттықтыру,табиғат құбылыстарын бақылай отырып,өз сезімдерді іс-әрікетте бере білуге үйрету. Сөздік

					қоры: жаңбыр
Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс	<p>Математика негіздері, - танымдық, ойын іс-әрекеті</p> <p>Дид.ойын «Сандарды сәйкестендір»</p> <p>кюзинер таяқшалар арқылы суреттегі сандарды сәкестендіру</p> <p>Міндеттері: сандарды ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p>3 жас</p> <p>1. Беркен Елхан 2. Нұғман Карим 3. Базарбек Ерасыл</p>	<p>Дид.ойын: (Сөйлеуді дамыту - коммуникативтік әрекет)</p> <p>«Кімнің құралы?»</p> <p>Мақсаты: Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру</p> <p>4 жас</p> <p>1. Ермекұлы Ахмад. 2. Есет Дінмухаммед 3. Жапқысыбаев Алан 4. Жанайдар Аружан 5. Нұрмағамбет Нариман 6. Мұхиден Даулет</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>5 жас</p> <p>Жазу дәптерімен жұмыс</p> <p>Міндеттері: әріптердің дұрыс айтылуы мен жазылуына үйрету, қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру <i>сауат ашу негіздері</i>)</p> <p>Нұрғамиден Алинұр-жазу</p> <p>Төлеген Алпамыс - жазу</p> <p>Мухамеджанова Асия - жазу</p> <p>Кекенова Амина-жазу</p>	<p>Көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет)</p> <p>Ойын: «Жануарларға қамқор боламыз»</p> <p>Міндеттері: жануарларға қайырымдылықпен қарауды, қамқор болуды біледі.</p> <p>4 жас</p> <p>1. Амангелді Нұрасыл 2. Мұхиден Даулет 3. Нұрмағамбет Нариман 4. Жамкен Айзере</p>	<p>Математика негіздері, - танымдық, ойын іс-әрекеті</p> <p>Ойын: «Қай жерде тұрады?»</p> <p>Мақсаты: кеңістікті шарлау қабілетін дамыту: сол, оң, жоғарғы, төменгі »</p> <p>Міндеттері:</p> <p>4 жас</p> <p>1. Нұрсейт Амина 2. Жамкен Айзере 3. Есмағамбетов Ансар 4. Төлеген Айбике 5. Галнаскарров Асылжан 6. Курманбаев Аяр 7. Султан Баян</p>
Кешкі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша.</p> <p>Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)</p> <p>Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.</p>				
№ 2 серуенге	Серуен. Балаларда өзіне қызмет көрсетуде дағдысының дамуын жетілдіру (өзшқафтарынан киімдерін шығарып,				

дайындық	киінуреттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (Физикалық белсенділігін дамыту)				
